

**2019 жылға арналған Көкшетау қаласында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы**

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 10 қазандағы № А-10/2356 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 қарашада № 6828 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8) және 9) тармақшаларына, 27-бабы 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Көкшетау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес, 2019 жылға арналған Көкшетау қаласында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес, 2019 жылға арналған Көкшетау қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

3. Осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес, 2019 жылға арналған Көкшетау қаласында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары А.Б. Әміреноваға жүктелсін.

5. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің  
міндетін атқарушы

*И.Юрченко*

Көкшетау қаласы әкімдігінің  
2018 жылғы 10 қазандағы № А-10/2356  
қаулысына 1 қосымша

**2019 жылға арналған Көкшетау қаласында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымдар атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%)
1	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы "Көпбейінді облыстық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	837	0,1
2	"Тыныс" акционерлік қоғамы	758	0,1
3	"КӨКШЕТАУ ЭНЕРГО" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	441	0,2
4	"АқмолаБидай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	104	1,0

Көкшетау қаласы әкімдігінің  
2018 жылғы 10 қазандағы № А-10/2356  
қаулысына 2 қосымша

**2019 жылға арналған Көкшетау қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымдар атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%)
1	Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы "Көкшетау Жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	620	0,2
2	"Көкшетау Жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	480	0,2
3	"КӨКШЕТАУ ЭНЕРГО" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	441	0,2
4	"Швейная фабрика ДИАС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100	1,0

Көкшетау қаласы әкімдігінің  
2018 жылғы 10 қазандағы № А-10/2356  
қаулысына 3 қосымша

**2019 жылға арналған Көкшетау қаласында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымдар атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%)
1	Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы "Көкшетау Жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	620	0,2
2	"Көкшетау Жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	480	0,2
3	"КӨКШЕТАУ ЭНЕРГО" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	441	0,2
4	"Швейная фабрика ДИАС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100	1,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК